# Enbek.kz порталы арқылы жұмыс берушінің мансап орталығына субсидияланатын жұмыс орнын ұйымдастыруға өтінім жолдау тәртібі

Мансап орталығына субсидияланатын жұмыс орнын ұйымдастыруға өтінім жолдау үшін жұмыс беруші **Enbek.kz порталында тіркеліп, жеке кабинет құруы** тиіс. Ол үшін электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болуы қажет.

---

Enbek.kz порталында тіркелу және жеке кабинет құру тәртібі «Көмек» – «Сұрақтар мен жауаптар» / «Порталдағы нұсқаулықтар» бөлімдерінде көрсетілген.

---

**Өтінімді Enbek.kz порталында жолдауға** болады:
- Алдағы 2026 жылға – 2025 жылдың 29 желтоқсаннан 2026 жылдың 9 қантарына дейін,
- 2026 жыл ішінде – 1 ақпаннан 30 қыркүйекке дейін.

## 1. Жұмыс берушінің Enbek.kz порталындағы жеке кабинетінде кәсіпорынның деректемелерін толтыру




**1-сурет. Enbek.kz порталы, жұмыс берушінің жеке кабинеті, «Жұмыс беруші» бөлімі**

Жұмыс беруші Enbek.kz порталындағы жеке кабинетінде «Жұмыс беруші» бөлімінің **«Кәсіпорынның деректемелері»** қойындысында өз кәсіпорнының деректемелерін толтыруы тиіс.

Деректемелер **қазақ және орыс тілдерінде** дұрыс толтырылуы тиіс, өйткені олар кейіннен **ЕМО-мен субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы шартты қалыптастыру** және жасасу кезінде пайдаланылатын болады.

## 2. Enbek.kz порталында жұмыс берушінің субсидияланатын жұмыс орнын ұйымдастыруға қатысу шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру

Жұмыс беруші Enbek.kz порталындағы жеке кабинетінде мемлекеттік органдардың **ақпараттық жүйелерінің деректері** негізінде **ЕХӘҚМ № 275 бұйрығымен белгіленген** субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға **қатысу шарттарына сәйкестігі бойынша тексеруден** өтуі тиіс.

---

Enbek.kz порталындағы жеке кабинетінде «Субсидияланатын жұмыс орындары» бөлімінің **«Өтінімдер»** қойындысында жұмыс беруші «Өтінім қосу» батырмасын басуы тиіс (3-сурет).

**2- сурет. Enbek.kz порталы, жұмыс берушінің жеке кабинеті, «Өтінімдер» қойындысы. Жаңа өтінімді қосу**




Ашылған терезеде жұмыс беруші:

– «Қаржы жылы» өрісінде ұсынылған тізімнен жылды таңдайды;

– «Кәсіпорын» өрісінде өтінім беретін **кәсіпорынды** ұсынылған тізімнен **таңдайды**, содан кейін «Жалғастыру» батырмасын басады.

Осыдан кейін **«Мәртебені тексеру»** нысанының «Мәртебені тексеру» қойындысы ашылады (4-сурет).

Жұмыс беруші **субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысу үшін** ЕХӘҚМ № 275 бұйрығына сәйкес қандай шарттар бойынша **сәйкестік** тексеруден өтуі қажет екенін зерделеуі тиіс.

Одан әрі жұмыс беруші **«Тексеруден өту»** батырмасын басып, **өз сұрауына ЭЦҚ-мен қол қояды** (4-сурет).

Enbek.kz порталы БСН/ЖСН негізінде ЕХӘҚМ № 275 бұйрығымен белгіленген субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысу шарттарына **жұмыс берушінің сәйкестігін тексеру үшін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне автоматты** түрде сұрау қалыптастырады.



---

Жұмыс берушінің экранында «Тексеру күтілуде. Кезек нөмірі: ...» деген хабарлама көрсетіледі. Кезек нөмірі арқылы жұмыс беруші өтінім бойынша тексеру мәртебесін қадағалай алады. Өтінімдерді өңдеу кезек тәртібімен жүзеге асырылады және тексерудің ұзақтығы ағымдағы жүктемеге, жұмыс берушілер санына, сондай-ақ **мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен** жауаптардың келіп түсу жылдамдығына байланысты болғандықтан, белгілі бір уақытты алуы мүмкін.

---

**4 сурет. Enbek.kz порталы, жұмыс берушінің жеке кабинеті, «Мәртебені тексеру» қойындысы. Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға қатысу шарттарына жұмыс берушінің сәйкестігін тексеруден өтуі**




Тексеру аяқталғаннан кейін жұмыс берушінің экранында әрбір шарт бойынша нәтиже көрсетіледі: сәйкестік (5-сурет) немесе сәйкессіздік (6-сурет).

Тексерулер тарихын қарау үшін жұмыс беруші жеке кабинетінде «Өтінімдер» бөліміне өтіп, «Тексерулер тарихы» қойындысын ашуы қажет.

Тексеру **сәтті өткен** жағдайда жұмыс беруші **«Өтінім беру» батырмасын басуы тиіс** (5-сурет).

---

**ЕХӘҚМ № 275 бұйрығымен белгіленген шарттарға сәйкессіздік** анықталған жағдайда **Enbek.kz порталы** жұмыс берушінің өтінім беруіне автоматты түрде бас тартады және тексеру нәтижесін жеке кабинетте экранда көрсетеді.

**5 сурет. Enbek.kz порталы, жұмыс берушінің жеке кабинеті, «Өтінімдер» бөлімі, «Мәртебені тексеру» қойындысы. Тексеру нәтижесі – «Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректері бойынша тексеру сәтті өтті»**


Результат проверок
По данным информационных систем государственных органов проверка пройдена успешно
Дата прохождения проверки: 18.12.2025 10:42:34

Общие сведения
- Является юридическим лицом или индивидуальным предпринимателем
- Действует 12 месяцев и более на момент подачи заявки
- Соответствие ИИН Первого руководителя и (или) Учредителей
- Наличие действующих трудовых договоров
- Регулярно производит социальные платежи, за последние 12 месяцев предшествующей дате подачи заявки на организацию субсидируемых рабочих мест
- Отсутствует в списке неблагонадежных налогоплательщиков КГД МФ РК
- Не участвует в организации профессионального обучения
- Отсутствует процедура банкротства либо ликвидации
- Отсутствует в регистре организаций, предоставляющих специальные социальные услуги
- Отсутствует в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма
- Отсутствует в перечне налогоплательщиков, осуществляющих лжепредпринимательскую деятельность
- Уровень трудоустройства составляет не менее 10 % безработных, завершивших работу на субсидируемых рабочих местах в прошедшем календарном году
- Наличие списочной численности работников, имеющих зарегистрированные электронные трудовые договора и обязательные пенсионные взносы в размере не менее 10% от минимальной заработной платы

Подать заявку

**6 сурет. Enbek.kz порталы, жұмыс берушінің жеке кабинеті, «Өтінімдер» бөлімі, «Мәртебені тексеру» қойындысы.Тексеру нәтижесі – «Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің деректері бойынша ЕХӘҚМ № 275 бұйрығына сәйкес бас тарту үшін негіздер анықталды»**


Результат проверок
По данным информационных систем государственных органов установлены основания для отказа в соответствии с приказом МТСЗН РК от 30 июня 2023 года № 275
Повторная проверка будет доступна с 27.12.2025 09:28:52

Общие сведения
- Является юридическим лицом или индивидуальным предпринимателем
- Действует 12 месяцев и более на момент подачи заявки
- Соответствие ИИН Первого руководителя и (или) Учредителей
- Наличие действующих трудовых договоров
- Регулярно производит социальные платежи, за последние 12 месяцев предшествующей дате подачи заявки на организацию субсидируемых рабочих мест

  По данным информационных систем государственных органов предприятие имеет задолженность по налогам и другим социальным платежам (отказано в соответствии с приказом МТСЗН РК от 30 июня 2023 года № 275).
- Отсутствует в списке неблагонадежных налогоплательщиков КГД МФ РК
- Не участвует в организации профессионального обучения
- Отсутствует процедура банкротства либо ликвидации
- Отсутствует в регистре организаций, предоставляющих специальные социальные услуги
- Отсутствует в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма
- Отсутствует в перечне налогоплательщиков, осуществляющих лжепредпринимательскую деятельность
- Уровень трудоустройства составляет не менее 10 % безработных, завершивших работу на субсидируемых рабочих местах в прошедшем календарном году
- Наличие списочной численности работников, имеющих зарегистрированные электронные трудовые договора и обязательные пенсионные взносы в размере не менее 10% от минимальной заработной платы

## 3. Жұмыс берушінің Enbek.kz порталындағы жеке кабинетінде өтінім нысанын толтыруы және оны мансап орталығына жолдауы

Ашылған өтінім нысанында жұмыс беруші **«Уақытша жұмыс орындарын ұйымдастыру орны»** өрісін толтыруы тиіс (7-сурет). Жұмыс беруші анықтамалықтан жұмыс орны ұйымдастырылатын орынды таңдайды, елді мекенді (қала/аудан) көрсетеді, нәтижесінде **өтінім тиісті мансап орталығына жолданады**.

Чек-парақта жұмыс беруші **қатысу шарттарына сәйкестігін** төмендегі тармақтар бойынша **растауы тиіс**:

– «**Кәсіпорын** техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білім және балаларға қосымша білім беру бойынша кадрларды даярлауға **мемлекеттік білім беру тапсырысын алмағанын** растаймын»;

– «**Кәсіпорын** тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде **медициналық көмек көрсетпейтінін** растаймын»;

– «**Кәсіпорын** ағымдағы қаржы жылында бюджет қаражаты есебінен жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға **гранттар** және (немесе) **микрокредиттер алмағанын растаймын**».

**7 сурет. Enbek.kz порталы, жұмыс берушінің жеке кабинеті, «Өтінімдер» бөлімі, субсидияланатын жұмыс орнын ұйымдастыруға арналған өтінім нысаны. Жұмыс берушінің СЖО ұйымдастыруға қатысу шарттарын растауы (чек-парақ)**


Новая заявка

Место организации временных рабочих мест: *

г. Астана

Выберите населённый пункт

Подтверждаю, что предприятие не получало государственный образовательный заказ на подготовку кадров с техническим и профессиональным, послесредним, высшим и послевузовским образованием, а также на дошкольное воспитание и обучение, среднее образование и дополнительное образование детей

Подтверждаю, что предприятие не оказывает медицинскую помощь в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и (или) системы обязательного социального медицинского страхования

Подтверждаю, что предприятие не получало грантов на реализацию новых бизнес-идей и (или) микрокредитов в текущем финансовом году за счет средств бюджета

Мера содействия занятости: *

Выберите меру содействия занятости

Для трудоустройства студентов и учащихся старших классов

Для трудоустройства лиц с инвалидностью, лиц, воспитывающих ребёнка с инвалидностью (детей с инвалидностью)

Профессиональная область: *

Выберите профессиональную область

Профессия: *

Выберите профессию

**«Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шарасы»** өрісінде жұмыс беруші ұсынылған тізімнен СЖО түрін таңдайды: қоғамдық жұмыстар, жастар практикасы, әлеуметтік жұмыс орындары, «Күміс жас».

Қолжетімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларының тізімі автоматты түрде қалыптастырылады. Қолжетімді шаралар жұмыс берушінің **ұйымдық-құқықтық меншік нысанына және чек-парақта берген жауаптарына байланысты айқындалады**.

Мысалы, егер кәсіпорын жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға **грант және (немесе) микрокредит алған болса**, яғни жұмыс беруші «Кәсіпорын ағымдағы қаржы жылында бюджет қаражаты есебінен жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға **гранттар және (немесе) микрокредиттер алмағанын** растаймын» өрісінде белгі қоймаса, бірақ қалған өрістер бойынша растауды берген жағдайда, оған **таңдауға** тек әлеуметтік жұмыс орындары және (немесе) «Күміс жас» жобасы қолжетімді болады.

**Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысуға жіберілмейтін** жұмыс берушілер ЕХӘҚМ-нің № 275 бұйрығының талаптарына сәйкес айқындалады.

**«Бос жұмыс орындарының жалпы саны»** өрісінің мәні автоматты түрде есептеледі және **жұмыс берушінің жұмыскерлерінің есептік (тізімдік) санына және таңдалған шара түріне** байланысты болады.

> **Жұмыс берушінің жұмыскерлерінің есептік (тізімдік) саны** жұмыскерлер бойынша тіркелген **электрондық еңбек шарттарының** және **жұмыс беруші тарапынан міндетті зейнетақы жарналарының** төленуі болған жағдайда айқындалады**.**

**Жұлдызшамен (*) белгіленген өтінім өрістері міндетті түрде толтырылуы тиіс.**

Өтінімді толтырғаннан кейін жұмыс беруші **«Өтінімді сақтау»** батырмасын басуы қажет.

Өтінім жұмыс берушінің жеке кабинетінде **«Өтінімдер»** қойындысында **«МО-ға жіберілмеген»** мәртебесімен сақталады.

**8 сурет. Enbek.kz порталы, жұмыс берушінің жеке кабинеті, «Өтінімдер» қойындысы. Өтінімді өзгерту, жою және мансап орталығына жолдау**




**Өтінімді МО-да карауға жіберу үшін** жұмыс беруші оны **ЭЦҚ-мен қол қоюы тиіс**. Ол үшін өтінім жолындағы «Әрекеттер» батырмасын басып, одан кейін «Қол қою және жіберу» тармағын таңдау қажет (8-сурет). Өтінім жұмыс берушінің жеке кабинетінде «Өтінімдер» қойындысында **«МО қарауында»** мәртебесімен сақталады.

**«МО қарауында»** мәртебесіндегі өтінімді жұмыс беруші **қарай алады**. **Мұндай өтінімді жоюға немесе өзгертуге жол берілмейді.**

Жұмыс беруші жеке кабинетіне өтінім бойынша хабарлама алады, сондай-ақ өтінімнің тиісті мәртебесі көрсетіледі және электрондық поштаға хабарлама жіберіледі.

Өтінімдер жұмыс беруші субсидияланатын жұмыс орнын рұқсат етілген жұмыс орындарының саны шегінде ұйымдастыруды жоспарлаған әрбір мамандық бойынша қалыптастырылады.

**Кейіннен мақұлданған өтінімдер негізінде Enbek.kz порталында бос жұмыс орындары құрылады**.
Бос жұмыс орындарын жариялау мерзімі – 90 күнтізбелік күн.

**ЕХӘҚМ № 275 бұйрығымен белгіленген** субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру және субсидияланатын жұмыс орындарына орналастырылған тұлғалардың жалақысын субсидиялау тәртібін жұмыс беруші бұзған жағдайларда, **жұмыс беруші** субсидияланатын жұмыс орындарына орналастырылған тұлғаларға жалақыны және (немесе) жалақының субсидияланатын бөлігін төлеуге мемлекет жұмсаған шығыстарды **бюджетке өтеуге міндетті**.

☎ Субсидияланатын жұмыс орындарына қатысу мәселелері бойынша Алматы қаласы Еңбек мобильділігі орталығына (Мансап орталығына) жүгіну қажет.

Байланыстар: +7 (727) 310-47-82 – Жұмыс берушілерді қолдау бөлімі

Сайт: ctm-almaty.kz

Email: ctm.almaty@yandex.kz

Әлеуметтік желілер:

Instagram: ctm_almaty

facebook: ctmalmaty

Жұмыс кестесі:

Дүйсенбі–Жұма: 09:00 – 18:00

Түскі үзіліс: 13:00 – 14:00

Сенбі–Жексенбі: демалыс

🕮 Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру және субсидияланатын жұмыс орындарына орналастырылған тұлғалардың жалақысын субсидиялау қағидалары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 275 бұйрығымен бекітілген.